

МҒТАР 16.01.11

DOI: [10.59102/kufil/2026/iss2pp257-272](https://doi.org/10.59102/kufil/2026/iss2pp257-272)

А.Т. Досова

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, 110000, Қазақстан Республикасы

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ЖӘНЕ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КӨРКЕМ ОЙДЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Мақала Абай Құнанбайұлы мен Ахмет Байтұрсынұлы шығармаларындағы көркем ой сабақтастығын анықтауға арналған. Ахмет Байтұрсынұлы Абай Құнанбайұлының шығармашылығын жоғары бағалаған және ақындық мектебінен өз бетінше сабақ алған. Екі ақынның поэзиясындағы көтерілген тақырыптардың үндесуі авторлардың өлеңдерін салыстыра қарастыру арқылы дәлелденді. Абайдың «Сегіз аяғы» мен Ахметтің «Жиган-тергенінде» көтерілген тақырып пен идея, өлеңдердің құрылысындағы ұқсастықтар екі ақынның шығармашылығындағы сабақтастықты айқындайды.

Абай шығармашылығындағы «толық адам» ілімі мен Ахмет Байтұрсынұлы поэзиясындағы «адамдық диқаншысы» ұғымының байланысы жан-жақты қарастырылды. Байқазанымыз, Абай да, Ахмет те шығармаларының бас кейіпкері ретінде халқына ақыл айта білген. Сондай-ақ заманының кемеңгер тұлғасына айнала білген ұлы тұлғалар ретінде қазақ қоғамына жол көрсете алған.

Абай да, Ахмет те өздері өмір сүрген заманның қалтын шынайы суреттеп, қоғамдағы кемшіліктерді көрсете білген. Өлеңдерінде адамдарды надандық, көрсеқызарлық, мақтанишақтық, өсек, өтірік айту сияқты жаман қасиеттерден аулақ болуға, оқуға, еңбек етуге, кәсіптен шұғылдануға, адал болуға шақырған.

Зерттеудің нәтижелерін абайтану, ахметтану курстарында көмекші құрал ретінде пайдалануға болады. Сондай-ақ мақаланың тәжірибелік бөлігін жоғары оқу орындарында оқытылатын Әдебиет теориясы, Стилистика және тіл мәдениеті пәндерінің семинар сабақтарында қолдануға болады деп ойлаймыз.

Кілт сөздер: Абай Құнанбайұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, әдебиет, ақын, көркем мәтін, тақырып, көріктеуіш құралдар, сабақтастық.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Абай Құнанбайұлы мен Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылығын сабақтастықта қарастыру – қазіргі әдебиеттану мен мәдениеттану ғылымындағы өзекті бағыттардың бірі. Бұл зерттеу бағыты қазақ әдебиетінің тарихи даму заңдылықтарын, рухани дәстүрлердің жалғастығын, ұлттық идеяның поэзиядағы көрінісін айқындауға мүмкіндік береді. Негізгі ережелерді жүйелеу барысында отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне сүйену, теориялық-методологиялық тұғырларды айқындау және әдеби мұраны салыстырмалы талдау тәсілдері басты назарға алынды. Біріншіден, Абай мұрасы қазақ әдебиетінің классикалық арқауы ретінде қарастырылады. Ғалымдар Т.Жұртбай, Қ.Жұмалиев, Р.Сыздық, М.Мырзахметұлы еңбектерінде Абай поэзиясының терең философиялық мазмұны, көркемдік-эстетикалық қуаты, ұлттық болмыс пен жалпыадамзаттық құндылықтарды ұштастырудағы рөлі кеңінен талданды. Мәселен, Р.Сыздықтың «Абай шығармаларының тілі» атты іргелі еңбегінде ақынның поэтикалық тілі, сөз қолданысындағы жаңашылдық пен дәстүр сабақтастығы қарастырылып, қазақ әдеби тілінің дамуына қосқан үлесі айқындалды. Екіншіден, Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерін зерделеуде Ә.Әбдиманұлы, С.Қирабаев, сондай-ақ түрік зерттеушісі N. Бірау-дың ой-пікірлері маңызды. Олар Ахметті ұлт-азатшыл әдебиеттің бастауында тұрған қайраткер, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының негізін қалаушы, қоғам қайраткері әрі ағартушы ретінде сипаттайды. Ғалымдар Ахмет шығармашылығында

Абай дәстүрінің ізі бар екендігін, оның поэзиядағы өрнек пен мазмұнды жалғастырғанын атап өтеді.

Үшіншіден, зерттеу барысында салыстырмалы әдебиеттанудың әдіснамалық ұстанымдары басшылыққа алынады. Бұл әдіс екі автордың шығармаларындағы идеялық және көркемдік үндестікті анықтауға мүмкіндік береді. Мәселен, Абайдың «Сегіз аяғы» мен Ахметтің «Жиған-тергені» құрылымдық және мазмұндық ұқсастықтары арқылы дәстүр сабақтастығын дәлелдейді. Сонымен бірге «Қалың елім, қазағым» мен «Ақын ініме» өлеңдеріндегі арнау дәстүрі, халыққа үн қату тәсілі ұлттық поэзиядағы ортақ бағытты айғақтайды.

Төртіншіден, шетелдік әдебиеттану ғылымындағы салыстырмалы талдау тәжірибесі де назарға алынады. Орыс әдебиеттанушысы В.В. Виноградовтың көркем шығарманың идеясы авторлық бейне арқылы ашылады деген тұжырымын Абай мен Ахмет поэзиясын талдауға қолдануға болады. Бұл тәсіл олардың поэзиясындағы «толық адам» мен «адамдық диқаншысы» авторлық бейнелерінің мәнін ашуға көмектеседі.

Бесіншіден, негізгі ережелерде Абай мен Ахметтің адамгершілік философиясы айрықша орын алады. Абайдың «толық адам» ілімі мен Ахметтің «адамдық диқаншысы» бейнесі – қазақтың рухани дүниетанымындағы біртұтас концепт ретінде қарастырылады. Бұл екі ұғым халықты ізгілікке, әділеттілікке, бірлікке шақыратын ұлттық идеяны бейнелейді.

Қорыта айтқанда, мақалада қазақ әдебиетінің дамуындағы Абай мен Ахметтің орны мен тарихи миссиясын айқындау негізгі мақсат ретінде қарастырылады. Осы ғылыми бағыттар мен тәсілдерге сүйене отырып, зерттеу екі ұлы тұлғаның шығармашылық үндестігін айқындауға, олардың әдебиет пен ұлттық руханиятқа қосқан үлесін жаңа қырынан ашуға мүмкіндік береді.

КІРІСПЕ

1913 жылы «Қазақ» газетінде Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» атты көлемді мақаласы жарық көреді. Онда ол алғаш рет Абайды өз заманының ең ұлы тұлғасы деп атайды, оның поэзиясының тереңдігін, көтерген тақырыптарының кеңдігін, өлең шығарудағы ерекше шеберлігін түсіндіреді және Абай шығармашылығының эстетикалық маңыздылығын ашады. Аталмыш мақала Ахмет Байтұрсынұлының Абайдың поэзиясын зерттегеніне дәлел болып қана қоймай, оның өз шығармашылығында Абай сарынын үлгі еткенін де дәлелдей түседі. Абай мен Ахмет шығармаларының үндестігін зерттеу бүгінгі ғылымның өзекті тақырыптарының бірі деп ойлаймыз. «Өлді деуге болама, айтындаршы, өлмейтұғын артында сөз қалдырған», - деп төрелігін өзі шешкен Абайдың да, маса болып ызындап, қалың ұйқыдағы халқын жалындаған жырларымен оятқан Ахметтің де шығармашылығы бүгін поэзия биігінен көрінеді.

Қазақ әдебиетінің даму тарихында Абай Құнанбайұлы мен Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылығы айрықша орын алады. Бұл екі тұлға да өз заманының қоғамдық, әлеуметтік, рухани мәселелерін өткір көтеріп, халықты ағартуға, ұлттық сананы оятуға бағытталған көркем мұра қалдырды. Абай қазақтың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы ретінде танылса, Ахмет – ұлттық жазба әдебиеттің, тіл білімінің, әдебиеттану ғылымының бастауында тұрған қайраткер. Олардың шығармашылық сабақтастығын зерттеу – қазақ рухани қазынасының даму заңдылықтарын терең түсінуге жол ашады. Абай Құнанбайұлының «толық адам» ілімі мен Ахмет Байтұрсынұлының «адамдық диқаншысы» концепциясы мазмұндық, идеялық тұрғыдан өзара үндес. Екі ақын да адамгершілікті, еңбекті, білім мен ғылымды басты құндылық деп танып, халқын соған үндеуге ұмтылған. «Сегіз аяқ» пен «Жиған-терген» сияқты поэзиялық туындыларды салыстыра талдау олардың өлең құрылысындағы, мазмұндық идеяларындағы ортақ сарындарды айқындауға мүмкіндік береді. Бұл бағыттағы ізденістер қазақ әдебиетіндегі дәстүр мен жаңашылдықты қатар қарастырудың жаңа қырларын ашады. Зерттеу өзектілігі екі ақынның шығармашылық сабақтастығының арнайы, кешенді түрде әлі де толық қарастырылмауымен түсіндіріледі. Абай мен Ахметтің көркемдік ойлау жүйесін

салыстыра талдау олардың қазақ әдебиетінің дамуындағы тарихи-рухани рөлін айқындап қана қоймайды, сонымен бірге ұлттық дүниетанымның қалыптасу үдерісін де тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеудің мақсаты – Абай Құнанбайұлы мен Ахмет Байтұрсынұлы шығармаларындағы көркем ой сабақтастығын айқындау, олардың поэзиясындағы идеялық үндестіктер мен поэтикалық ұқсастықтарды талдау. Бұл зерттеу жұмысының теориялық маңызы – қазақ әдебиетіндегі дәстүр сабақтастығы мәселесіне жаңа көзқараспен қарау, абайтану мен ахметтану ғылымдарын толықтыру. Ал тәжірибелік маңызы – мақаланың нәтижелерін жоғары оқу орындарындағы әдебиет теориясы, стилистика және тіл мәдениеті сабақтарында көмекші материал ретінде қолдану.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Қазіргі таңда ұлы Абай мен ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығын зерттеу заман талабынан туған мәселе деп білеміз. Алға қойған мақсатымызға жету үшін жұмысымызда екі автордың шығармаларын салыстыра зерттеуге мән бердік. Сол себепті ақындардың поэзиясындағы үндестікті анықтадық деп айта аламыз. Сондай-ақ мақала тақырыбына қатысты ғылыми еңбектер теориялық талдауға түсті. Зерттеу барысында әдебиеттануда қалыптасқан салыстырмалы-типологиялық әдіс, тарихи-әдеби талдау әдісі және құрылымдық-семантикалық талдау әдістері қолданылды. **Салыстырмалы-типологиялық әдіс** арқылы Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңі мен Ахметтің «Жиған-тергені» салыстырыла талданды. Өлеңдердің поэтикалық формасы, шумақ құрылымы, ырғақтық жүйесі мен бейнелеу құралдары қарастырылып, олардың арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар айқындалды. Сондай-ақ Абай Құнанбайұлы шығармаларындағы «толық адам» ілімі мен Ахмет Байтұрсынұлы поэзиясындағы «адамдық диқаншысы» бейнесі идеялық тұрғыдан үндес екендігі дәлелденді. Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде ақын адам болудың шарты ретінде «талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым» қасиеттерін атайды. Бұл – кемелдікке бастайтын рухани формула. Ал Ахмет «Адамдық диқаншысы» өлеңінде өзін халық санасына адамдық дәнін себуші ретінде көрсетеді. Мұндағы «диқаншы» – Абай айтқан ізгі қасиеттерді қоғамға таратушы белсенді тұлға. Демек, Абай кемел адам моделін ұсынса, Ахмет сол модельді жүзеге асырушы бейнені сомдайды.

Тарихи-әдеби талдау арқылы ақындардың шығармалары өз дәуірінің қоғамдық-әлеуметтік жағдайымен тығыз байланыста қарастырылды. Абай да, Ахмет те қазақ қоғамындағы әлеуметтік теңсіздікті, надандық пен әділетсіздікті сынға алғандықтан, олардың туындылары тарихи контексте зерттелді. Абай өз дәуіріндегі надандық, жалқаулық, алауыздықты сынап, «Бірінді қазақ, бірің дос, көрмесен істің бәрі бос» деп халық бірлігін алға қояды. Ал Ахмет ХХ ғасыр басындағы отарлық қысым жағдайында елді ояту идеясын көтеріп, «Маса» жинағындағы өлеңдері арқылы ұйқыдағы жұртты оятуды мақсат етеді. Екі ақын да заман дертіне қарсы рухани күрескер ретінде көрінеді.

Құрылымдық-семантикалық талдау тұрғысынан қарасақ, екі ақын да антитеза, метафора, лексикалық қайталау сияқты көркемдік тәсілдерді идеялық мақсатта қолданады. Мысалы, Ахметтің «қырға шықтым», «құрға шықтым» деген жолдарындағы қайталау кейіпкердің мақсатты әрекетін айқындаса, Абайдың «өсек, өтірік, мақтаншақ...» деп жаман қасиеттерді тізбектеуі семантикалық қарама-қарсылық арқылы адам болмысының екі қырын көрсетеді.

Осылайша, өлең мәтіндерін талдау нәтижесінде Абай поэзиясындағы «толық адам» ілімі мен Ахмет шығармаларындағы «адамдық диқаншысы» ұғымы өзара идеялық жалғастықта дамығаны дәлелденеді. Бірі – рухани кемелденудің теориялық негізі болса, екіншісі – сол кемелдікті қоғам өміріне енгізуге бағытталған көркем-символдық бейне.

Сондай-ақ әдеби мәтіннің семантикалық өрісі анықталып, авторлық бейнелердің қалыптасу ерекшеліктері айқындалды. Жүйелеу және жалпылау әдістері негізінде алынған деректер мен талдау нәтижелері жинақталып, зерттеудің негізгі тұжырымдары қалыптастырылды. Бұл әдіс арқылы екі ақын шығармашылығындағы идеялық үндестік пен көркемдік сабақтастық жалпыланып берілді. Осы әдістердің үйлесімді қолданылуы зерттеу

тақырыбын жан-жақты қарастыруға, ақындардың шығармашылық мұрасының өзара байланысын терең ашуға мүмкіндік берді.

НӘТИЖЕЛЕР

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Абай Құнанбайұлы мен Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылығы идеялық-көркемдік тұрғыдан сабақтасып, ұлттық әдебиет дамуының ортақ арнасын құрайды. Екі тұлға да өз заманының қоғамдық қайшылықтарын көркем тілмен бейнелеп, халықтың оянуына, ұлттық сана-сезімнің қалыптасуына ықпал етті. Біріншіден, Абайдың «Сегіз аяғы» мен Ахметтің «Жиған-тергені» құрылымдық және мазмұндық жағынан үндес болып, қоғамдағы әділетсіздік пен халықтың күйзелісін шынайы көрсетті. Екі ақынның өлеңдерінде «Оян, қазақ!» идеясы айқын көрініс тапқан. Екіншіден, Абайдың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» және Ахметтің «Ақын ініме» шығармалары халыққа үн қату дәстүрін жалғастырып, ұлттық болашаққа деген алаңдаушылықты паш етті. Бұл өлеңдердегі арнау дәстүрі қазақ поэзиясының әлеуметтік-рухани маңызын айқындайды. Үшіншіден, Абайдың «толық адам» концепциясы мен Ахметтің «адамдық диқаншысы» бейнесі адамгершілік философиясының өзегіне айналды. Бұл ұғымдар халықты ізгілікке, білімге, әділет пен бірлікке үндейтін ортақ идея ретінде қарастырылды. Төртіншіден, екі ақын да көркемдік-эстетикалық тәсілдерді (метафора, теңеу, антитеза, анафора, эпифора) тиімді қолданып, ұлттық дүниетаным мен менталитетті көркем сөзбен бейнеледі. Ахметтің «Досыма хат» пен Абайдың «Жүректе қайрат болмаса» өлеңдеріндегі поэтикалық өрнектер қазақ поэзиясының көркемдік мүмкіндіктерін кеңейте түсті.

Зерттеу нәтижелері Абай мен Ахмет шығармашылығындағы идеялық сабақтастықты ашып көрсетіп қана қоймай, олардың қазақ халқының рухани дамуына қосқан үлесінің аса зор екенін дәлелдейді. Екі ақынның ой-пікірлері бүгінгі қоғам үшін де өзекті болып, ұлттық тәрбие мен мәдениеттің негізін қалаушы рухани құндылық ретінде қызмет атқара береді.

Абайдың «толық адам» тұжырымдамасы мен Ахметтің «адамдық диқаншысы» бейнесі қазақ әдебиетіндегі рухани-адамгершілік құндылықтарды айқындап, бүгінгі күнге дейін маңызын жоймаған.

Практикалық тұрғыдан алғанда, бұл зерттеу нәтижелері әдебиеттану ғылымында Абай мен Ахмет поэзиясын салыстырмалы талдау тәжірибесін дамытуға, білім беру жүйесінде олардың шығармашылығын сабақтастықта оқытуға және ұлттық идеологияны қалыптастыруға бағытталған оқу-әдістемелік материалдар әзірлеуге негіз бола алады. Абай мен Ахмет шығармашылығының идеялық үндестігі олардың өз дәуірінің әлеуметтік шындығын бейнелеп, халықты білімге, оянуға және әділетсіздікке қарсы тұруға үндегенінен көрінеді. Ақындардың шығармаларында ағартушылық идеялар, адамгершілік құндылықтар, ұлттық бірлік пен ел болашағына деген жауапкершілік мәселелері ортақ сипатта көрініс табады. Екі ақын да халықты бірлікке, әділдікке, рухани жаңаруға шақырып, ұлттық сананың қалыптасуына елеулі үлес қосты.

Көркемдік құралдардың ішінде метафора, антитеза, анафора, эпифора сияқты бейнелеу құралдары екі ақынның поэзиясын ұлттық көркем ойдың шыңына көтерген. Мақаланың практикалық маңызы – бұл зерттеу нәтижелері мектеп пен жоғары оқу орындарының оқу бағдарламасында әдебиет пен тіл пәндерін оқытуда, ұлттық рухани құндылықтарды дәріптеуде пайдалануға болады. Болашақ зерттеулерге болжам ретінде Абай мен Ахмет шығармаларындағы сабақтастықты тек поэзия деңгейінде ғана емес, публицистикалық, ғылыми еңбектер аясында да қарастыру қажеттілігі бар. Бұл бағыттағы зерттеулер қазақ әдебиеті мен мәдениетінің дамуындағы тарихи жалғастықты тереңірек ашуға жол ашады.

ТАЛҚЫЛАУ

Абайдың шығармашылығын зерттеген ғалым Т.Жұртбай былай дейді: «Ұлылар қай заманда да жалғыз. Олар қай дәуірде өмір сүрсе де өз заманынан озып туады» [1, 17]. Абай да

Ахмет те өз заманынан оза туа білген, дәуірінің озық ойлы, көкірегі ояу ұлы тұлғалары бола білді.

С.Қирабаев Абайды қазақтың рухани жаңғыруының бастаушысы, ұлттық әдебиетті жаңаша бағытқа бұрған тұлға ретінде бағалады. Оның еңбегінде мынадай негізгі ойлар айтылады: «Абай – қазақ әдебиетіндегі гуманистік, ағартушылық бағытты тереңдете дамытқан ұлы ақын. Ол ХІХ ғасырда қазақ халқының рухани өмірін өзгертудің негізін қалады [2, 37]. Профессор Р.Нұрғали Абайды тек ақын ретінде ғана емес, ойшыл, философ, қоғам қайраткері ретінде зерттеді. Ол еңбегінде Абайдың шығармашылығын ерекше бағалаған: «Абай қазақ әдебиетінде бұрын болмаған көркемдік әдістер мен формаларды енгізді. Оның өлең құрылымы, тілдік өрнегі – жаңа әдеби поэтика жасаудың бастауы» [3, 12].

Профессор Қ.Жұмалиевтің «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі» еңбегінде Абайдың поэзиясындағы әдеби көркемдеу тәсілдерінің көрінісі, яғни поэтик тілі талданады [4, 7].

Ғалым Р.Сыздық «Абай шығармаларының тілі» еңбегінде Абай сөздігін этимологиялық құрамына, сөздердің көне-жаңалығы мен тақырыптық және мағыналық жіктелуіне қарай танытуды мақсат етеді [5, 5]. Абай шығармаларының тілінің лексикасын, грамматикалық сипатын зерттейді.

Абай Құнанбаевтың шығармашылығы – тек қана қазақ әдебиетінің емес, жалпы түркі дүниесінің рухани кеңістігіндегі маңызды құбылыс. Абай мұрасына деген қызығушылық соңғы жылдары шетелдік зерттеушілер мен аудармашылар тарапынан арта түсті. Осыған орай, оның шығармаларының аудармасы мен интерпретациясын лингвистикалық және мәдени тұрғыда талдауға бағытталған бірнеше ғылыми мақала жарық көрді. Олардың ішінде С.Жабаева мен Қ.Пірманова және т.б. ғалымдардың еңбектері ерекше назар аударады.

С.Жабаеваның «Абай Құнанбаевтың қара сөздеріндегі «жан» концептісі» атты мақаласы – ұлттық дүниетаным мен рухани ұғымдардың көркем мәтінде қалай көрініс табатынын лингвомәдениеттану тұрғысынан талдауға арналған. Автор қазақ халқы үшін «жан» ұғымының тек физиологиялық не психологиялық категория емес, сонымен қатар терең рухани, моральдық, онтологиялық мәнге ие екенін көрсетеді [6].

Зерттеу барысында «жан» концептісінің Абай мәтіндегі контекстік қолданыстары мен олардың ағылшын тіліне аударылуы салыстырылады. Бұл аудармаларда көптеген мағыналық реңктер жойылып кеткені немесе толық жеткізілмегені анықталады. Мақалада аудармашылардың балама іздеудегі қиындықтары мен тілдік сәйкессіздік мәселелері жан-жақты сипатталады. Бұл мәселе мәдени кодтардың әртүрлілігімен, сондай-ақ мақсатты аудиторияның ерекшелігімен байланысты.

Сондай-ақ осы автордың тағы бір еңбегі – «Абай Құнанбаевтың қара сөздері шығармасының түпнұсқасы мен ағылшын тіліндегі аудармасындағы реалиялардың семантикасы мен прагматикасы» атты мақаласы – қазақ мәдениетіне тән реалияларды (ұлттық тұрмыс, салт-дәстүр, ұғымдар) аудару мәселесіне арналған [7].

Зерттеу Абайдың қара сөздеріндегі ұлттық сипаттағы ұғымдардың аудармада қалай берілетінін прагматикалық тәсілдер тұрғысынан саралайды: транслитерация, түсіндірмелі аударма, бейімдеу және эквивалент іздеу әдістері көрсетіледі. Аудармашылар кейбір реалияларды жеткізе алмаған немесе оны шет тілді оқырман түсінетіндей бейімдеуге тырысқан. Бұл ретте, мәтіннің бастапқы мағынасы мен ұлттық ерекшелігі бұрмалануы мүмкін екені айқындалады.

Мақала прагматика саласы тұрғысынан нақты тілдік бірліктердің аудармадағы қызметін және олардың мәтін ішіндегі орны мен ықпалын сипаттай отырып, аударма теориясы мен лингвомәдениеттану тоғысындағы өзекті мәселені көтереді.

Қ. Пірманова және т.б. ғалымдар бірлесіп жазған «Абай поэзиясына негізделген шағын поэтикалық корпус құру» атты мақала – сандық лингвистика әдістерін қолдана отырып Абай шығармаларын талдауға бағытталған жаңашыл зерттеу. Мұнда авторлар Абайдың өлеңдеріне сүйене отырып арнайы поэтикалық корпус құрып, оның негізінде тілдік және стильдік ерекшеліктерін жүйелі түрде қарастырады [8].

Зерттеу барысында мәтіндерді корпус-лингвистика, есептеу-модельдеу әдістерімен өңдеу арқылы поэзиядағы қайталанатын құрылымдар, синтаксистік үлгілер, сөз қолданыс жиілігі, метафоралар мен символика анықталады. Бұл тәсіл дәстүрлі филологиялық зерттеулерден өзгеше, себебі мәтін мазмұнын сандық мәліметтер арқылы сипаттауға мүмкіндік береді.

Мақалада қазақ тіліндегі классикалық поэзияны цифрландыру мен заманауи тілдік технологиялар көмегімен зерттеудің үлгісі ретінде келешекке жол ашатын тұжырымдар жасалады.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының рухани жаңғыруына, тіл бостандығына және ұлттық әдебиеттің қалыптасуына өлшеусіз үлес қосқан қайраткер. Оның әдеби, ғылыми, педагогикалық еңбектеріне терең талдау жасаған зерттеушілердің бірі – белгілі әдебиеттанушы Әбсаттар Әбдиманұлы.

Зерттеуші өз еңбектерінде Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығына ұлт-азаттық идеялар тұрғысынан баға беріп, оны қазақ әдебиетіндегі ұлт-азатшыл бағыттағы әдебиеттің бастаушысы ретінде қарастырады [9, 127]. Бұл баға – жай тарихи-әдеби пайым емес, сонымен бірге А.Байтұрсынұлы шығармашылығының идеялық, рухани, ұлттық мазмұнына берілген терең сараптаманың нәтижесі.

Ә.Әбдиманұлы Ахметтің өлеңдеріндегі ұлтқа қызмет ету, қазақ халқының отарлық езгіден арылу жолын іздеу, білім мен ағартушылықты ұран ету секілді негізгі тақырыптарды талдай отырып, ақынның шығармашылығын қоғамдық сана мен ұлттық мүдде шеңберінде бағалайды. Ол Ахмет поэзиясын тек көркемдік деңгейде емес, қоғамдық-саяси мазмұн, ұлттық идея тұрғысынан зерделейді.

Зерттеушінің пайымынша, Ахметтің «Маса» жинағындағы өлеңдері, публицистикалық мақалалары мен аудармалары – ұлттың өзін-өзі тануына, отарлық санадан арылуына бағытталған рухани қару. Ә.Әбдиманұлы Ахметті тек ақын, әдебиетші ретінде емес, сонымен қатар ұлт көшбасшысы, ағартушы, тіл реформаторы, ұлт руханиятының ұстазы ретінде жан-жақты сипаттайды.

Ә.Әбдиманұлы ғылыми еңбектерінде Ахмет Байтұрсынұлы мұрасын ұлттық әдебиеттің жаңа дәуірін ашқан, азатшыл ойдың жаршысы болған құнды рухани мұра ретінде терең талдайды. Ол Ахметті қазақ әдебиетінің ұлт-азаттық кезеңіндегі бастаушы тұлға ретінде бағалап, оның шығармашылығын тарихи-мәдени контекст пен қазіргі ұлттық сананың қалыптасуы тұрғысынан қарастырады.

Түрік ғалымы Nergis Biray Ахмет Байтұрсынұлының қызметі мен шығармашылығына жоғары баға береді: «Ахмет Байтұрсынұлы қазақ халқының қиын да күрделі, күреске толы кезеңінде (1872–1937) өмір сүріп, азаттық рухындағы күрестің көшбасшыларының бірі болған көрнекті тұлға. Ол аудармалары, төл өлеңдері, ғылыми еңбектері және мерзімді баспасөзде жарияланған мақалалары арқылы бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның идеялық негіздерінің қалыптасуына үлес қосқан ойшыл әрі теоретиктердің бірі. Ол – жазушы, ақын, ұстаз, журналист, мемлекет қайраткері. Қысқасы, жан-жақты білімді зиялы тұлға. Тіпті өлеңдерінің өзінде әлеуметтік және ұлттық мәселелерге қатысты білімі мен тәжірибесін жеке азаматтық ұстанымы мен сезімталдығымен ұштастыра отырып жеткізген»[10, 19].

Абайдың да, Ахметтің де шығармалары тілінің көркемдік сипаты зерттелгенімен, екі ақынның шығармашылығындағы сабақтастық мәселесі әлі де болса қарастырылмаған. Сол себепті авторлардың шығармаларының көркемдік сипаты мен тақырыптарының ерекшеліктерін салыстыруға көңіл бөлпекпіз.

А.Байтұрсынұлының «Жиған-терген» өлеңі Абайдың «Сегіз аяғы» үлгісімен жазылған көркем туынды. Ақындар өздері өмір сүрген қазақ қоғамының бет-бейнесін ашып берген. Өлеңде халқын сүйген нағыз жанашырлардың аздығы, бірліктің болмауы, ел басындағы атқамінерлердің қарапайым халыққа көрсеткен зорлық-зомбылығы туралы өзекті тақырыптар көтерілген.

Кезінде «Абайды – қазақтың бас ақыны» [11, 141] деп жоғары бағалаған Ахметтің шығармасынан Абайдың сөз саптау шеберлігі мен өлең жолдарындағы ою-өрнектерді байқауға болады.

Абайдың «Сегіз аяғы» мен Ахмет Байтұрсынұлының «Жиған-тергені» құрылымдық жағынан бір-біріне ұқсас – екеуі де сегіз жолдан тұратын шумаққа құрылған. Бұл – олардың өлең құрылымы жағынан үндес екенінің айғағы. Сондай-ақ қос ақын да көлемді роман-эпопея жазбағанымен, дәл осы шағын ғана өлеңдері терең мазмұн мен ойға толы, тұтас бір сюжетке құрылған көркем туындыдай әсер қалдырады. Екі өлеңде де лирикалық кейіпкер – автордың өзі. Ақын кейде жалғыз қалып, жан сырын ақтарады, кейде айналасындағы қоғамға сыни көзқараспен қарап, өткір пікірлерін білдіреді.

Екі ақынның тақырыптық және идеялық ұқсастығын төмендегі мысалдар арқылы дәлелдеуге болады. Абай «Сегіз аяқ» өлеңінде қазақ қоғамындағы кертартпа іс-әрекеттерден аулақ болуға шақырады. Яғни, жалқаулық, ұйқы секілді дұшпандардан аулақ болып, еңбек етудің маңызын түсіндіреді.

Тамағы тоқтық,
Жұмысы жоқтық
Аздырар адам баласын.
Таласып босқа,
Жау болып досқа,
Қор болып, құрып барасың.
Өтірік шағым толды ғой,
Өкінер уақытың болды ғой [12, 27].

Бұл шумақ – Абай Құнанбайұлы поэзиясындағы әлеуметтік-сыншыл бағыттың жарқын көрінісі. Өлеңде ақын адам болмысының азғындауына әсер ететін негізгі себептерді ашып көрсетеді. Өлеңдегі поэтикалық тәсілдер бірін-бірі толықтырып, адамның рухани азғындау үдерісін жан-жақты ашады. Ақын ең алдымен «тоқтық» пен «жоқтық» сөздерін қатар қолдану арқылы қайталау тәсіліне сүйеніп, дыбыстық үндестік пен мағыналық салмақты күшейтеді. Бұл сөздер адамның бұзылуына негіз болатын жағдайларды нақтылап көрсетеді. Осыдан кейін «жау болып досқа» деген жолда антитеза тәсілі арқылы дос пен жау қарама-қарсы қойылып, адамдар арасындағы сенім мен татулықтың жойылғаны айқындалады. Ал «қор болып, құрып барасың» тіркесі метафоралық мағынаға ие болып, адамның тек әлеуметтік емес, рухани тұрғыдан да күйзеліске ұшырағанын бейнелейді. Сонымен қатар өлең мазмұнында градация тәсілі байқалады: бастапқыда жай ғана тоқтық пен әрекетсіздік айтылса, кейін ол бос таласқа, одан әрі дұшпандық пен өтірікке ұласып, ақырында толық құлдырауға жеткізетін күрделі үдеріс ретінде көрінеді. Осындай көркемдік тәсілдер арқылы ақын қоғамдағы моральдық мәселелерді терең әрі әсерлі жеткізеді. Ақын жастарды еңбекқорлыққа, шыншылдыққа, адамгершілікке шақырады. Бос өмір, әрекетсіздік пен өтірік адамның рухани күйреуіне әкелетінін ескертеді. Бұл шумақта Абай адам болмысының әлсіреу себептерін нақты көрсетіп, қоғамды түзету үшін ең алдымен жеке адамның мінез-құлқын өзгерту қажет екенін меңзейді. Өлең – бүгінгі күнге де өзектілігін жоғалтпаған әлеуметтік-философиялық туынды.

Ал «Жиған-терген» өлеңінде:
Аш көзінді, оянып.
Қанған жоқ па әлі ұйқың,
Ұйықтайтын бар не сиқың?! [11, 55].

Бұл шумақта Ахмет Байтұрсынұлы поэтикалық тәсілдерді шебер қолдану арқылы оқырманға тікелей әсер етеді. Ақын ең алдымен риторикалық сұрақтарды пайдаланып, «Қанған жоқ па әлі ұйқың?», «Ұйықтайтын бар не сиқың?!» деген жолдар арқылы жауап күтпейтін, бірақ терең ой салатын сауалдар қояды. Бұл тәсіл оның сыншыл үнін күшейтіп, оқырманды өзін-өзі саралауға жетелейді. Сонымен қатар «ұйқы» мен «ояну» ұғымдары метафоралық мағынада қолданылып, ұйқы – надандық пен әрекетсіздіктің, ал ояну – рухани серпілудің символы ретінде көрінеді. Ақынның «Аш көзінді, оянып» деген жолы қаратпа, үндеу түрінде беріліп, бұйрық рай арқылы оқырманға тікелей ықпал етеді, өлеңге жігерлі,

насихаттық сипат дарытады. Бұған қоса «ұйқы», «ұйықтау» сөздерінің қайталануы негізгі ойды айқындап, мағыналық екпінді күшейтеді. Өлеңнің тілдік-стильдік ерекшелігі де айқын: тілі қысқа, нұсқа әрі өткір. Сұраулы және лепті сөйлемдердің қатар қолданылуы эмоционалдық реңкті арттырып, интонациясын талап қоюшы, серпілтуші деңгейге көтереді. Мұның барлығы шығарманың тәрбиелік мәнін тереңдете түседі, яғни ақын адамды бос уақыт өткізбеуге, білімге, еңбекке ұмтылуға шақырады. Рухани ұйқыда жатқан қоғамды ояту – негізгі мақсат ретінде көрінеді. Осылайша, бұл шумақ ояну идеясын көркем бейнелеп, адамның ішкі дүниесіне әсер ету арқылы оны әрекетке, саналы өмірге бағыттайтын қуатты поэтикалық туынды болып табылады.

Ахмет өз кезегінде «Жиған-терген» шығармасында бүкіл қоғамды құртатұғын қасиеттердің бірі – ұйқы, жалқаулық пен надандықты сынайды. Егер Абай «Өкінер уақытың болды ғой» десе, Ахмет «Қанған жоқ па әлі ұйқың» деп еңбек ету, ояну, жұмыс жасау идеясын көпшілікке жеткізеді.

Бұл екі туындыда да «Оян, қазақ!» ұранына үндес ұлттық рух бар. Халқының тарихындағы ауыртпалықтарды терең сезінген қос қайраткер елінің ертеңіне алаңдайды. Олар отты сөздерімен қоғамды оятуға, халықты серпілтуге тырысады. Мәселен, Абай: «*Жігерлен, сілкін, қайраттан, беркін!*» – деп ұран тастаса [12, 63], Ахмет ұйқыдағы халықты сергек болуға шақырады. Екі ақын да қоғамдағы әділетсіздіктерді ашық айтып, халықтың көкірек көзін ашуды мақсат етеді.

Сондай-ақ Абай мен Ахмет өз замандарындағы өткір әлеуметтік мәселелерді дөп басып, сынға алған. Абай отарлық саясаттың зардабын ұға алмай, мансап үшін қырқысқан қазақтың жағдайына қынжылады. Ол бір-бірін аңдып, қулықпен күн кешкен, жалған мақсаттар жетегінде жүрген бұқараның күйін бейнелей отырып, қоғамға жанайқайын жеткізеді. Осылайша, екі ақын да өз шығармалары арқылы халықты оятуға, елдік сананы қалыптастыруға зор үлес қосқан.

Ахмет Байтұрсынұлының өлеңінде байлардың шен құмарлығын, дүмше молдалардың парақорлығын сынауы да Абайдың үнімен үндесіп келеді. Үстемдікке жағымпаздықпен қол жеткізген болыстарды, қарапайым халықты алдап мал тауып жүрген дүмше молдаларды, мастыққа масаттанған байларды келеке етеді. Заманында көрініс тапқан әлеуметтік теңсіздікті, үстем тап өкілдерінің қарапайым халыққа жасаған озбырлығын сынайды.

Абай да, Ахмет те заманының келбетін жырлаған, өздері өмір сүрген қоғамын шынайы суреттеген ақындар. Ахмет Байтұрсынұлының «Ақын ініме» өлеңінде автор көпшілікке үндеу арқылы әлеуметтік және рухани мәселені қозғайды. Өлеңде ақын ағалық ұстанымын негізге ала отырып, кейінгі толқын жас ақындарға бағыт-бағдар береді. Ақын інісіне «кеңесіне құлақ сал» [11] дей отырып, өзінің қоғамдық ұстанымын жеткізіп, тыңдарманды ойға жетелейді. Ол поэзияны тек көркем сөз құралы ғана емес, тәрбие мен ағартудың маңызды құралы ретінде қолданады. Осы тұрғыдан алғанда, өлең жастардың адам болып қалыптасу жолында бағыт-бағдар беретін, қоғамдық санаға әсер ететін мазмұнға ие.

Абай «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деген өлеңінде арнау тәсілін жақсы қолданған. Отты шумақтардан ақынның жақсы менен жаманды айырмай мүшкіл халге түскен қазақ қоғамына айтқан назын байқауға болады. Әрине, ақын халқына жаны ашиды.

Көркем әдебиет тілін зерттеуші В.В.Виноградов шығарманың көркемдік ойы образдар арқылы, оның ішінде авторлық бейне арқылы көрініс табатыны туралы айтады [13, 83]. Демек, қаламгердің дүниетанымы мен қоғамдық ұстанымы оның жасаған көркем тұлғалары арқылы танылады. Осы тұрғыдан алғанда, Абай Құнанбайұлы мен Ахмет Байтұрсынұлы шығармаларындағы авторлық бейне – олардың рухани-философиялық көзқарасының көркем көрінісі.

Ахметтің «Адамдық диқаншысы» өлеңіндегі бас кейіпкер - Ахмет Байтұрсынұлы, яғни «адамдықтың диқаншысы». Ол қоғамға адамдықтың дәнін сепкен кейіпкер. Кез келген адам адамдық диқаншысы деңгейіне дейін көтеріле алмайды. Бұл өлеңнің бас кейіпкерін Абайдың «толық адамы» деп айта аламыз, яғни адамдықтың барлық қасиетін бойына жиған және сол қасиеттері арқылы бүкіл адамзатты жақсылыққа тәрбиелейтін тұлға. Қазақтың бас ақынының

«адамгершілік» идеясы Адамдық диқаншысының өмірлік ұстанымына айналған. Бұны біз «Адамдық диқаншысы қырға шықтым, көлі жоқ, көгалы жоқ құрға шықтым» деген жолдардан аңғарамыз. Мұндағы «диқаншы» – метафоралық образ. Ол – ел ішіндегі қараңғылық пен надандықты жоюшы, рухани жаңғырудың бастауында тұрған ағартушы.

Ахмет Байтұрсынұлы поэзиясындағы «адамдық диқаншысы» ұғымы – ағартушылық идеяның көркем бейнелік көрінісі. Адамдық диқаншысы - жиынтық образ. Ол бірнеше кәсіпті шебер меңгерген және өзінің шеберлігін адамдықтың дәнін себуге жұмсаған қаһарман.

Біріншіден, ол - ілім-ғылымды жиып-терген ұстаз. Өзінің білімін басқаларға үйрету жолында аянбай еңбек етеді. Жас ұрпақты білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие береді.

Екіншіден, ол - ғылымда жаңалық ашқан ғалым. Ғылымды ілгері дамытуға күш салады. Адамдық диқаншысы Ахмет Байтұрсынұлының өзі десек, ғалым алғаш рет қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін қалағанын барша жұрт жақсы біледі. «Тілім, ұлтым, жерім, елім», - деп жүрегі соққан Ахмет тілтаным мен әдебиет теориясы саласына да асыл қазына қалдыра білді. Оның «Тіл тағылымы», «Әдебиет танытқыш» деген еңбектері қазіргі филология ғылымының қалыптасуына негіз болды.

Үшіншіден, ол - қоғам қайраткері. Қоғамдағы надандық, озбырлықпен күреседі. Халқын жарқын болашаққа бастайды.

Бірнеше адами қасиеттер бойынан табылатын осындай ұлы тұлға ғана туған халқын ізгілікке, мейірімділікке, бостандыққа, еркіндікке бастай алады.

Ұлт ұстазының көркем туындыларындағы тілдік бірліктер автордың идеясын жеткізуге қызмет етеді. «Адамдық диқаншысында» автор антитеза көркем әдісін пайдалана отырып, кейіпкердің бейнесін шынайы сомдайды. Мысалы, «**Қырға** шықтым», «көлі жоқ, көгалы жоқ **құрға** шықтым» деген тіркестерде кейіпкердің үздіксіз қозғалысы, халқын қараңғылықтан құтқару жолындағы тынымсыз еңбек ету идеясы берілген. Өлең жолдарының соңындағы «шықтым» сөзі екі рет қайталанады. Бұл лексикалық қайталау, яғни, эпифора - әдейі бір сөздің қайталануын, эмоция мен экспрессивті қалыңдату мақсатында қолданылған.

Автор өзі өмір сүріп жатқан заманның мешеу күйіне күйінеді. Ахмет құлдыққа мойын ұсынғандарды жануарға теңейді. Түрі, жүріс-тұрысы адам болғанымен, сана-сезімі құлдықтың шырмауында қалған жандар ақын заманында көп еді. Міне, Адамдық диқаншысының басты мақсаты қалың жұртшылықты қараңғылықтың түнегінен алып шығу еді. Ол «*езгіге көніккен адамның хайуаннан несі артық?*» деген ой айтып, бұқараның намысын оята білді.

Абай шығармашылығындағы «толық адам» ілімі мен Ахмет Байтұрсынұлы поэзиясындағы «адамдық диқаншысы» ұғымы – қазақ рухани ойлау жүйесіндегі өзара сабақтас, идеялық тұрғыдан тамырлас ұғымдар. Бұл екі ұғым да адамның ішкі кемелденуі мен қоғам алдындағы жауапкершілігін басты құндылық ретінде қарастырады.

Ахметтің «адамдық диқаншысы» алғаш рет осы мақалада ілім ретінде зерттеу нысанына айналса, Абайдың «толық адамы» ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты қарастырылған. Абайтанушы Мекемтас Мырзахметұлы қазақ философиясы мен әдебиеттану саласында «толық адам» ілімін ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттеген ғалымдардың бірі ретінде танымал. Оның «Абай: Толық адам ілімі» атты еңбегі көптомдық «Абайтану» жинағының 40-томында[14] жарияланған, онда ақынның адам болмысын, оның философиялық және моральдық негіздерін жүйелі түрде ашып көрсеткен. Бұл жұмыс Абай шығармаларындағы «кемел адам» тұжырымдамасын кең тарихи-философиялық мазмұнда қарастырып, оның *нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек* сияқты элементтерін философиялық категориялар ретінде талдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар М.Мырзахметұлының еңбектерінде Абай ілімінің рухани-адамгершілік мазмұны, оның шығыс философиясы мен қазақ мәдениетімен сабақтастығы кеңінен көрсетілген.

Жабал Шойынбеттің «Абайдың «Толық адам» ілімі және қоғамдық сананы жаңғырту» атты монографиясы [15] осы тұжырымдаманы қазіргі заман контекстінде талдауға бағытталған. Бұл жұмыс Абай ілімінің адам болмысы, білім мен мораль байланысын философиялық-теоретикалық деңгейде зерттеуді мақсат етеді.

Жалпы алғанда, жоғарыда аталған зерттеушілердің еңбектері Абайдың «толық адам» ілімін философиялық негізде, әдебиеттанулық талдаумен, сонымен қатар қоғамдық-саналық аспектілермен байланыстыра отырып зерттеген. Олар «толық адам» идеясын Абай шығармашылығының орталық концепциясы ретінде қарастыру арқылы оның рухани-адамгершілік мазмұнын ғылыми тұрғыдан ашуға үлес қосады.

Абай Құнанбайұлы негіздеген «толық адам» ілімі – адам болмысының рухани, моральдық және интеллектуалдық тұтастығын сипаттайтын философиялық жүйе. Ақынның қарасөздері мен өлеңдерінде «толық адам» ұғымы «ақыл, қайрат, жүрек» үшеуінің бірлігінен туындайды. Абай үшін кемел адам – білімге ұмтылған, әділетті, мейірімді, өз нәпсісін тия білген тұлға. Бұл – жеке бастың ғана жетілуі емес, ұлттық сананың өсуіне бастайтын рухани модель. Абай адамгершілік идеясын жоғары қоя білді. Адам болу үшін *өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шаппақтан* қашық болу керектігін қадап айтады. Бұлар адам баласын аздыратын жаман қасиеттер. Әсіресе, болашағын ойлаған жастар бұндай нәрселерден алшақ жүруі керек деген ой айтады. Өлеңде *нағыз адам болғың келсе, талаптан, еңбек ет, сонда ғана мұратыңа жетесің* деген ой білдірілген. Абайдың философиясы – *толық адам* бүгінгі күнге дейін өзекті болып отыр.

Абай үшін мінсіз адам (толық адам) – бұл еңбекқорлық, адалдық, әділдік және дарындылық. Әділ қоғамда толыққанды, өзін-өзі қамтамасыз ететін, жан-жақты дамыған адам қалыптастыру идеясы бүгінгі күнде де өзінің маңыздылығын жоғалтқан жоқ. *«Біріңді қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бос»* [12, 71], - дейді ақын. Ең алдымен, қазақтардың бірлігі болуы керек, олар бір-біріне жақын адам ретінде қарауды үйренбейінше, қоғамның қажетті дамуы болмайды. Абайдың бұл үндеуі қазіргі қоғамдағы мәселелермен тоғысып жатыр. Біздің қарым-қатынасымызға, мемлекетіміздің ішіндегі береке-бірлікке кедергі келтіріп отырған түрлі көрсекызарлық, қызғаныш, жала жабу, бірудің үстінен арыздану, надандық сияқты толып жатқан зиянды нәрселер бар. Әрине, адамдарда мұндай жаман қасиеттердің пайда болуына қоғамдағы жағымсыз оқиғалардың әсер етуі мүмкін. Бірақ, адам кез-келген жағдайда адам болып қалуы керек. Абайдың бүкіл өмірі осы ұстанымға бағынды.

Абайдың іліміндегі басты мәселе - қазақ халқының менталитеті, тұрмыс-тіршілігі, дүниетанымы мен даналығы. Ол адам өмірінің басты құндылықтары мен негізіне адам бойындағы рухани және адамгершілік құндылықтарды, өз Отанына деген сүйіспеншілік пен құрметті жатқызады.

Екі ұғымның арасындағы басты байланыс – адамның рухани кемелденуі арқылы қоғамды түзету идеясы. Абай «толық адамды» тәрбиелеу арқылы ұлттың болашағын көксесе, Ахмет сол кемел адамды қалыптастыру жолында нақты әрекетке көшкен ағартушы-реформатор бейнесін ұсынады. Яғни, Абай философиялық-этикалық негізін қаласа, Ахмет оны қоғамдық-практикалық деңгейге көтереді.

Сонымен қатар Абайдың «толық адамы» – ішкі үйлесімге жеткен тұлға болса, Ахметтің «адамдық диқаншысы» – сол үйлесімді қоғамға таратып, басқаларды жетілдіруге ұмтылатын белсенді қайраткер. Бұл жерде идея эволюциясын байқауға болады: Абай – концепт авторы, рухани модель жасаушы; Ахмет – сол модельді жүзеге асырушы, ұлттық сана егінін екен тарихи тұлға.

Түйіндей айтқанда, «толық адам» мен «адамдық диқаншысы» ұғымдары – қазақ ағартушылық ойының бір арнада тоғысқан екі көрінісі. Бірі – кемелдіктің теориялық өлшемі, екіншісі – сол кемелдікті өмірге енгізудің символдық бейнесі. Бұл сабақтастық қазақ руханиятындағы адам концептісінің эволюциялық дамуын айқын көрсетеді.

Екі ақынның даналық сөздері бүгінде халқымыздың рухани өзегіне айналды. Оған дәлел ретінде ақындардың қиялының ұшқырлығын, шеберлігін танытатын өлеңдерін алуға болады. Авторлар қолданған барлық көріктеуіш құралдар шығармаға мәнерлегіш әр беріп, стильдік жүк артқан. Өлеңдер жолдарындағы бейнелеуіш сөздер, көркем теңеулер, антитеза мен шендестірулер, метафора мен синекдохалар көркем шығарманың эстетикалық табиғатын арттырған. Мысалы, Ахмет Байтұрсынұлының «Досыма хат» өлеңінде *«Қырағы қия жазбас сұңқарым-ай, қажымас қашық жолға тұлпарым-ай», «Өлігін өлексенің өрге сүйреп,*

шығармақ қыр басына іңкәрім-ай» деген метафоралық қолданыстар берілген. Автор елін қыр басына шығаруды мақсат еткен нағыз ер тұлғасын сұңқарға, тұлпарға теңгеген. Өлең жолдарынан нағыз ерлердің қоғам арасындағы қадір-қасиеті мен ықпалының күштілігін, елін биікке көтерудегі жолының ауырлығын аңғарамыз.

Суреттеліп отырған зат не құбылысты айқындай түсу үшін оларды ұқсас өзге затқа не құбылысқа балап айту мақсатында қолданылған «сасық ми», «салқын жүрек», «ақ малта» деген ойсуретке құрылған тіркестер ақынның көркем сөзбен суреттеудегі шеберлігін аңғартады.

Бұл мысалдағы мегзеу сөздер жағымсыз кейіпкердің мінез-құлқын топшылап қана қоймай, жұғымсыз іс-әрекетін де қоса аңғартады. «Сасық ми, салқын жүрек, санасыздар, алаңсыз ақ малтасын езіп жатыр» деген тіркестер жүрегінде сәл де болса саңлауы бар адамның сана-сезіміне әсер етіп, жақсы жолды таңдауына септігін тигізері сөзсіз.

Осы өлеңдегі «Кім біліп, ер еңбегін сезіп жатыр», Кім шыдап, жолдастыққа төзіп жатыр» деген тіркестер автордың сөз саптауының ерекше қырын көрсетіп тұр. Адамдар қарым-қатынасындағы нағыз жолдастық бір идеяға, жарқын болашаққа ұмтылған жандардың қатерлі өткелден, ауыр сыннан қайтпай бірге өтіп, асыл арманға бірге жетуінің көрінісі екеніне көзімізді жеткізеді. Сондай-ақ өлеңнің әр жолы немесе әрбір ой ағымы бір сөзден басталып отыратын айшықтау амалы – анафора да айтылған ойға көркемдік әр беріп, мәнерлегіштік жүк артқан.

Абайдың «Жүректе қайрат болмаса» өлеңінде де астарлы ойды беруге жұмсалған көріктеуіш құралдар жеткілікті. *Мысалы, Жүректе қайрат болмаса, ұйықтаған ойды кім тұртпек* деген метафоралық қолданыстар қазақ дүниетанымы кеңістігінің көркемдік әлемін кеңейтуге қызмет етіп тұр. Сондай-ақ ақын шығармаларында ұлттық нақышты өзіндік дара стильмен, қаламгерлік шеберлікпен бере алған.

Абай Құнанбаев пен Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ руханияты мен әдебиетінің екі алып тұлғасы. Олар әр дәуірде өмір сүрсе де, шығармашылық бағыттарында, ұстанған идеяларында, ұлттық мүддеге адал қызмет ету жолында үлкен сабақтастық бар. Бұл сабақтастық әдебиеттегі ой жалғастығы ғана емес, сонымен қатар ұлттық сана, тіл, ағартушылық, мораль және тәлім-тәрбие салаларындағы кең ауқымды рухани-мәдени жалғастық ретінде де көрінеді.

1. *Ұлттық рух пен азаттық идеясы.* Абай да, Ахмет те шығармашылығында ең алдымен ұлттың рухани оянуына қызмет етті. Абайдың «Қара сөздері» мен өлеңдерінде надандықпен, жалқаулықпен, күншілдікпен күресу арқылы адамгершілікті, ғылымды, еңбек пен бірлікті насихаттау идеясы байқалса, Ахмет те сол ізді жалғастырып, қазақ халқын ояту, ұлт ретінде ұйысуға шақыру идеясын көтерді. Абай «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр», «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңдерінде білім мен тәрбиенің маңызын көрсетті. Ахмет «Маса» жинағында қоғамдағы әлеуметтік әділетсіздік пен надандықты өткір сынап, жұртты «оянуға» үндеді.

2. *Ағартушылық идеяларының сабақтастығы.* Абай да, Ахмет те – қазақ даласындағы ағартушылық қозғалыстың көшбасшылары. Абай қазақтың өркениетті елдер қатарына қосылуы үшін білім, өнер, ғылым қажет екенін айтып, Шығыс пен Батыстың ілімін ұштастырды. Ахмет болса, бұл идеяны нақты іске айналдырып, қазақ тілін ғылым тіліне айналдырды, әліпби жасап, оқулықтар жазды, тіл ғылымының негізін қалады. Абайдың ағартушылық идеясы – рухани бағыттағы ояту болса, Ахмет оны – практикалық деңгейде жүзеге асыруға тырысты (мысалы, «Әліппе», «Тіл-құрал» оқулықтары арқылы).

3. *Тіл мен әдебиетті дамытудағы ортақ мақсат.* Абай қазақ әдеби тілі мен көркем ойды биікке көтерсе, Ахмет сол тілді ғылыми жүйелеу, қазақ жазуын қалыптастыру, әдебиетті саралау бағытында еңбек етті. Екеуі де қазақ тілінің байлығына, көркемдік қуатына, ұлтты біріктіруші күшіне терең сенген. Абайдың шығармалары — қазақ тілінің көркемдік мүмкіндігінің шыңы. Ахмет — сол тілді жүйелеп, грамматикалық, фонетикалық, лексикалық негізін қалыптастырған ғалым.

4. *Халыққа қызмет ету – басты мұрат.* Абайдың «Кімге рақым етсең, біреуге рақым ет» деген гуманистік ұстанымын Ахмет өзінің өмірлік ұранына айналдырды: «Халық үшін

қызмет қылу – мұсылманшылықтың бір шарты», – деп жазды Ахмет. Олар үшін шығармашылық – жай өнер емес, қоғамдық жауапкершілік, ұлт алдындағы парыз болды.

Абай мен Ахмет – қазақ әдебиетінде идеялық, рухани және ағартушылық тұрғыда бір-бірімен тікелей жалғасқан тұлғалар. Абай ұсынған рухани жолды Ахмет нақты практикалық іске айналдырып, қазақ қоғамын оятуға, ғылым-білімге бет бұрғызуға атсалысты. Сондықтан бұл екі тұлға арасындағы шығармашылық сабақтастық – тарихи-мәдени заңдылық әрі ұлт руханиятының дамуындағы маңызды кезеңдердің бірі.

Қорыта айтқанда, Абай Құнанбайұлы мен Ахмет Байтұрсынұлының шығармалары өз дәуірінің қоғамдық, рухани мәселелерін терең көркемдікпен ашып, қазақ әдебиетінің рухани негізін қалыптастырды. Олардың поэзиясы бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтпай, қазақ халқының мәдени-рухани дамуына зор үлес қосуда. Абай Құнанбайұлы мен Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылығын салыстыра қарастыру – қазақ әдебиетінің тарихи-рухани сабақтастығын айқындайтын маңызды ғылыми ізденістердің бірі. Бұл мақалада екі тұлғаның поэтикалық мұраларының көркемдік, идеялық және тақырыптық ұқсастықтары жүйеленіп, олардың қазақ қоғамының дамуына қосқан үлесі талданды. Біріншіден, екі ақын да өз дәуірінің шынайы суреткері бола отырып, қоғамдағы әлеуметтік әділетсіздік пен ұлттық сананың мешеу жағдайын көркем сөз арқылы бейнелеген. Абай отарлық езгінің зардабын, қазақ арасындағы алауыздықты өткір сынға алса, Ахмет Байтұрсынұлы да осы сарынды жалғастырып, бай-шонжарлардың қылықтарын әшкерелеп, халықты оянуға шақырады. Мұнда ғалымдар Т.Жұртбайдың, Қ.Жұмалиевтің, Р.Сыздықтың еңбектерінде айтылған ойлар өзектілігін дәлелдейді. Екіншіден, екі ақынның шығармашылығындағы поэтикалық құрылымның үндестігі, әсіресе «Сегіз аяқ» пен «Жиған-терген» өлеңдерінің формалық ұқсастығы олардың арасындағы көркемдік дәстүр жалғастығын көрсетеді. Бұл жағдай қазақ поэзиясында ұлттық поэтикалық үлгілердің дамуына ықпал етіп, Абайдан бастау алған өрнектердің Ахмет поэзиясында жаңа қырынан жалғасқанын айғақтайды. Үшіншіден, екі тұлғаның шығармаларында да «Оян, қазақ!» идеясының өзектілігі анық көрінеді. Бұл идея олардың халықты жігерлендіруге, бірлікке шақыруға, әлеуметтік теңсіздікке қарсы тұруға бағытталғанын көрсетеді. Әдебиеттанушы В.В. Виноградов айтқандай, авторлық бейне арқылы көркем ой көрініс табатынын ескерсек, Абайдың «толық адамы» мен Ахметтің «адамдық диқаншысы» – осы идеялардың көркемдік бейнесі болып табылады. Абай мен Ахмет шығармаларындағы көркемдік тәсілдер – метафора, теңеу, антитеза, анафора, эпифора – олардың поэзиясын терең философиялық мазмұнмен және эстетикалық қуатпен толықтырды. Ахметтің «Досыма хат» өлеңіндегі бейнелі теңеулер мен Абайдың «Жүректе қайрат болмаса» өлеңіндегі метафоралық қолданыстар екі ақынның сөз өнеріндегі шеберлігін айқындайды.

Талдау нәтижесінде, Абай мен Ахмет поэзиясында ұлттық рухты көтеру, халыққа жанашырлық таныту, жастарды адамгершілік пен білімге шақыру, қоғамдағы келеңсіз құбылыстарды сынау идеялары басым екені белгілі болды. Бұл өз кезегінде олардың шығармашылық сабақтастығының айқын дәлелі болып табылады.

Осылайша, зерттеу жұмысы Абай мен Ахмет поэзиясын өзара салыстыра талдаудың ғылыми-теориялық негіздерін айқындап, олардың қазақ әдебиетінің дамуындағы тарихи-мәдени орны мен мәнін ашуға мүмкіндік берді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Абай қазақ даласының философы, данасы болса, Ахмет Байтұрсынұлы қазақ қоғамын ілгері жылжытушы дарабозы деңгейіне көтеріле алды. Ахмет Абай шығармашылығынан үлгі алды. Абай поэзиясының озық үлгілерін өз шығармаларына арқау етті. Оған Абайдың *Сегіз аяғы* үлгісінде жазылған *Жиған тергені* дәлел бола алады. Өлеңдеріндегі астарлы ойлы жолдарда қоғамдағы келеңсіздік өткір тілмен түйреп көрсетілген. Екеуі де заманының шынайы келбетін суреттеген.

Абай Құнанбайұлы мен Ахмет Байтұрсынұлы өлеңдеріндегі дәстүр жалғастығын қарастыру барысында идеялық, ой-толғау үндестігін пайымдай отыра байқағанымыз, қос ақынның ой өрісі өзектес, мұң-шері ортақ, арман тілегі бір екендігіне көзімізді жеткіздік. Екеуінің де шығармашылығының алтын қазығы - ұлтының өзгелермен терезесі тең, мәдениеті өрістес болуын аңсау, сол жолға жетелеу. Сондықтан да өнер-білімді шығармашылықтарының ең өзегі еткен.

Абай мен Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларын талдау - қазақ қоғамының даму сатысымен жүріп өтіп елді тану, тамыры терең тарихтан сабақ алу, Абай, Ахмет тұлғалары арқылы дана халқымыздың мол мұрасын паш етіп рухтану, рухани жаңғыру.

Абай мен Ахметтің көтерген тағы бір тақырыбы - өмірге адам болып келгеннен кейін адам болып қалу мәселесі. «Адамдық диқаншысы» өлеңінде ақынның өмірлік ұстанымы мен алдына қойған мақсат-міндеттері айқындалып, күреске толы қиын жолы көрініс тапқан.

Абай өмір сүрген кезде қазақ халқы тәуелсіздігінен айырылған қасіретті кезеңді басынан кешіріп жатты. Бұндай қасіреттен қазақты құтқарудың бірден бір жолы - адамдардың рухани дүниесін, адамдық қадір-қасиетін, намысын сақтауда екенін ақын жақсы түсінді. Сонда ғана ұлттық болмысты сақтап қалуға болатын еді. Абай жастарды тек жақсы қасиеттерді игеруге шақырады.

Абай да, Ахмет те шығармаларында көріктеуіш құралдарды таңдап, талғап қолдану арқылы халыққа айтар ойларын көркем де әсерлі жеткізе білген. Жүргізілген зерттеу нәтижесінде мынадай қорытындыларға қол жеткізілді. Абай Құнанбайұлы мен Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылығындағы көркем ой сабақтастығын айқындалды. Бұл мақсатқа жету үшін салыстырмалы-типологиялық, тарихи-әдеби, құрылымдық-семантикалық талдау әдістері қолданылды. Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңі мен Ахметтің «Жиған-тергенінде» көтерілген идеялар мен өлең құрылысы бір-бірімен тығыз үндесетіні анықталды. Екі ақын да халықтың рухани оянуына, надандық пен әділетсіздікпен күресуге шақырған. «Толық адам» мен «адамдық диқаншысы» ілімдері адамгершілікті, еңбекті, адалдықты насихаттайтын ортақ идеялық арнаға тоғысты. Ақындардың поэзиясында қолданылған көркемдік тәсілдер – метафора, антитеза, анафора, эпифора, теңеулер – олардың ұлттық әдебиеттегі дара стильдерін айқындайды.

Бұл зерттеу нәтижелері абайтану мен ахметтану курстарында қосымша оқу құралы ретінде пайдаланылуы мүмкін. Сондай-ақ әдебиет теориясы, стилистика, тіл мәдениеті пәндерінің семинар сабақтарында студенттердің шығармашылық талдау дағдыларын дамытуға көмектеседі. Болашақта екі ақын шығармашылығын философиялық тұрғыдан, немесе олардың идеяларының қазіргі замандағы мәнін зерттеу жаңа ғылыми бағыттарға жол ашады.

Қорытындылай келе, Абай мен Ахметтің шығармашылық сабақтастығы – қазақ әдебиеті тарихындағы дәстүр мен жаңашылдықтың үзілмес жемісі. Бұл сабақтастықты айқындау ұлттық рухани мұрамыздың тұтастығын, әдеби дамуымыздың жалғастығын танытады. Зерттеу нәтижелері қазақ әдебиетінің тарихын толықтырумен қатар, қазіргі қоғам үшін де құндылығын жоғалтпайды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Жұртбай Т. Күйесің, жүрек... сүйесің!.. (Абай: жан бостандығы немесе рухани тәуелсіздік). – Алматы: Санат, 2021. – 408 б.
- 2 Қирабаев С. Абай және XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Білім, 1993. – 300 б.
- 3 Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Мектеп, 1999. – 280 б.
- 4 Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. – Алматы: Жазушы, 2015. – 123 б.
- 5 Сыздық Р. Абай шығармаларының тілі. Лексикасы мен грамматикасы. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 320 б.

- 6 Zhabayeva S. The Kazakh Concept of Soul in Abai Kunanbaev's Book of Words // Journal of English Language and Literature-2022.- Vol. 16. – No 2. <https://doi.org/10.31436/asiatic.v16i2.2645>
- 7 Zhabayeva S. Semantics and pragmatics of realia in the original and translation of Abai Kunanbaev's 'Book of Words' into English // Turkic Studies Journal – 2023. – Vol. 5. – No 4. – P. 52-62.
- 8 Pirmanova K. K., Madiyeva G. B., Serikbayeva A. D, Tokmyrzayev D. O., Zakiryayeva G. S, Ongalbek A. A., Ualikhan A. B Creation of a Small Poetic Corpus Based on Abai's Poetry, <https://doi.org/10.30564/fls.v7i9.9547>
- 9 Әбдиманұлы Ә. Ахмет Байтұрсынұлы: зерттеу-эссе, – Алматы: Арда, 2017. – 296 б.
- 10 Biray N. Değerler ve Ahmet Baytursinuli'nin mirasi // Ахмет Байтұрсынұлы – ұлт ұстазы: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары, Алматы, 2022, қараша. – Алматы, 2022. – Б. 18–27.
- 11 Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Т. 1. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.
- 12 Құнанбаев А. Таңдамалы шығармалар: екі томдық. Т. 1. Өлеңдер . – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 242 б.
- 13 Виноградов В. В. О теории художественной речи. – М.: Высшая школа, 2011. – 239 с.
- 14 Мырзахметұлы М. Абайтану. Таңдамалы еңбектер. Т. 40. Абай: «Толық адам ілімі». – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 238 б.
- 15 Шойынбет Ж. Абайдың «Толық адам» ілімі және қоғамдық сананы жаңғырту. – Астана: Алгоритм, 2022.- 224 б.

Материал 29.03.2026 баспаға түсті

Преимственность художественной мысли произведений Абая Кунанбайұлы и Ахмета Байтурсынулы

А.Т. Досова¹

¹Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, Костанай, 110000, Казахстан

Статья посвящена определению преимущественности художественной мысли произведений Абая Кунанбайұлы и Ахмета Байтурсынулы. Ахмет Байтурсынулы высоко ценил творчество Абая Кунанбайұлы и самостоятельно изучал его поэтическую школу. Созвучие тем в поэзии двух поэтов было доказано с использованием сравнительного метода при анализе стихов авторов. Тема и идея, поднятые в «Сегіз аяқ» Абая и «Жиган-терген» Ахмета, сходства в построении стихов определяют преимущественность в творчестве двух поэтов. Всесторонне рассмотрена взаимосвязь учения «толық адам» в творчестве Абая и понятия «адамдық диқаншысы» в поэзии Ахмета Байтурсынулы. Мы заметили, что и Абай, и Ахмет, как главные герои своих произведений, умели дать правильные советы своему народу. А также как великие личности, сумевшие стать гениальными личностями своего времени умели указать верный путь казахскому обществу.

И Абай, и Ахмет смогли достоверно описать состояние времени, в котором они жили, и показать недостатки в обществе. В своих стихах людей призывали воздерживаться от зла, такого как невежество, хвастовство, сплетни, ложь, заниматься добрыми делами, такими как желание учиться, работать, заниматься делом, быть честным.

Результаты исследования могут быть использованы в качестве вспомогательного средства на курсах Абаеведения, Ахметоведения. Мы также считаем, что практическая часть статьи может быть использована на семинарских занятиях по Теории литературы, Стилистике и культуре языка, преподаваемых в высших учебных заведениях.

Ключевые слова: Абай Кунанбайұлы, Ахмет Байтурсынулы, литература, поэт, художественный текст, тема, художественные средства, преимущественность.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Журтбай Т. Куесин, журек... суесин!.. (Абай: духовная свобода или духовная независимость). – Алматы: Санат, 2021. – 408 с.
- 2 Кирабаев С. Абай и казахская литература XX века. – Алматы: Білім, 1993. – 300 с.
- 3 Нурғали Р. История казахской литературы – Алматы: Мектеп, 1999.–280 с.
- 4 Жумалиев К. Вопросы истории казахской литературы и язык поэзии Абая, – Алматы: Жазушы, 2015. – 123 с.
- 5 Сыздық Р. Язык произведений Абая. Лексика и грамматика. Собрание сочинений в нескольких томах. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 320 с.
- 6 Zhabayeva S. The Kazakh Concept of Soul in Abai Kunanbaev's Book of Words // Journal of English Language and Literature-2022.- Vol. 16. – No 2. <https://doi.org/10.31436/asiatic.v16i2.2645>
- 7 Zhabayeva S. Semantics and pragmatics of realia in the original and translation of Abai Kunanbaev's 'Book of Words' into English // Turkic Studies Journal – 2023. – Vol. 5. – No 4. – P. 52-62.
- 8 Pirmanova K. K., Madiyeva G. B., Serikbayeva A. D, Tokmyrzayev D. O., Zakiryayeva G. S, Ongalbek A. A., Ualikhan A. B Creation of a Small Poetic Corpus Based on Abai's Poetry, <https://doi.org/10.30564/fls.v7i9.9547>
- 9 Абдиманулы А. Ахмет Байтұрсынұлы: исследование-эссе. – Алматы: Арда, 2017. – 296 с.
- 10 Biray N. Değerler ve Ahmet Baytursinuli'nin mirasi // Ахмет Байтұрсынұлы – национальный учитель: материалы Международной научно-практической конференции, Алматы, ноябрь 2022 г. – Алматы, 2022. – С. 18–27.
- 11 Байтұрсынұлы А. Собрание сочинений в шести томах. Т. 1. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 с.
- 12 Кунанбаев А. Избранные произведения: в двух томах. Т. 1. Стихотворения. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 242 с.
- 13 Виноградов В. В. О теории художественной речи: учебник . – М.: Высшая школа, 2011. – 239 с.
- 14 Мырзахметұлы М. Абаеведение. Избранные труды. Т. 40. Абай: учение о «совершенном человеке». – Алматы: Казахский университет, 2020. – 238 с.
- 15 Шойынбет Ж. Учение Абая о «совершенном человеке» и модернизация общественного сознания. – Астана: Алгоритм, 2022. – 224 с.

Материал поступил в редакцию журнала 29.03.2026

Continuity of artistic thought of the works of Abai Kunanbayuly and Akhmet Baitursynuly

A. Dossova¹

¹Akhmet Baitursynuly Kostanay regional university, Kostanay, 110000, Kazakhstan

This article examines the continuity of artistic thought in the works of Abai Kunanbayuly and Akhmet Baitursynuly. Akhmet Baitursynuly highly valued Abai's творчество and independently studied his poetic tradition. The aim of the study is to identify thematic, ideological, and artistic parallels in the works of the two poets through comparative analysis. Particular attention is paid to the poems Segiz Ayak by Abai and Zhigan-Tergen by Akhmet Baitursynuly, whose thematic orientation, underlying ideas, and structural features demonstrate the continuity of their literary thought. The study also explores the relationship between Abai's concept of the tolyk adam ("complete person") and Akhmet Baitursynuly's concept of the adamdyk dikanshysy ("cultivator of humanity").

The analysis demonstrates that both poets sought to guide their people through moral and intellectual development and addressed the social problems of their time. Their works criticize such negative traits as ignorance, boasting, gossip, and dishonesty, while promoting education, diligence,

integrity, and social responsibility. The findings reveal significant continuity in the artistic and philosophical views of the two authors and highlight their contribution to the development of Kazakh intellectual thought. The practical significance of the study lies in the possibility of applying its results in courses on Abai Studies and Akhmet Studies, as well as in university courses on literary theory, stylistics, and language culture.

Key words: Abai Kunanbayuly, Akhmet Baitursynuly, literature, poet, artistic text, theme, artistic means, continuity.

REFERENCES

- 1 Zhurtbai, T. (2021), *Kújesiń, júrek... sújesiń!.. (Abai: zhan bostandyǵy nemese rýhani táýelsizdik) [You Burn, My Heart... You Love!.. (Abai: Spiritual Freedom or Independence)]*, Almaty, Kazakhstan (in Kazakh).
- 2 Qirabaev, S. (1993), *Abai jáne 20 ǵasyrdaǵy qazaq ádebieti [Abai and Kazakh Literature of the Twentieth Century]*, Almaty, Kazakhstan (in Kazakh).
- 3 Nūrǵali, R. (1999), *Qazaq ádebietiniń tarihy [History of Kazakh Literature]*, Almaty, Kazakhstan (in Kazakh).
- 4 Zhumaliev, Q. (2015), *Qazaq ádebieti tarihyńyń máseleleri jáne Abai poeziiasynyń tili [Issues of the History of Kazakh Literature and the Language of Abai's Poetry]*, Almaty, Kazakhstan (in Kazakh).
- 5 Syzdyq, R. (2014), *Abai shygarmalarynyń tili. Leksikasy men grammatikasy. Kóptomdyq shygarmalar jinaǵy [The Language of Abai's Works. Vocabulary and Grammar. Collected Works]*, Almaty, Kazakhstan (in Kazakh).
- 6 Zhabayeva, S. (2022), “The Kazakh Concept of Soul in Abai Kunanbaev’s Book of Words”, *Journal of English Language and Literature*, vol. 16, no. 2, doi: 10.31436/asiatic.v16i2.2645.
- 7 Zhabayeva, S. (2023), “Semantics and pragmatics of realia in the original and translation of Abai Kunanbayev’s ‘Book of Words’ into English”, *Turkic Studies Journal*, vol. 5, no. 4, pp. 52–62.
- 8 Pirmanova, K.K., Madiyeva, G.B., Serikbayeva, A.D., Tokmyrzayev, D.O., Zakiryayeva, G.S., Ongalbek, A.A. and Ualikhan, A.B. (2025), “Creation of a Small Poetic Corpus Based on Abai's Poetry”, doi: 10.30564/fls.v7i9.9547.
- 9 Ábdimanuly, Á. (2017), *Ahmet Baitursynuly: zertteý-esse [Akhmet Baitursynuly: Research Essay]*, Almaty, Kazakhstan (in Kazakh).
- 10 Biray, N. (2022), “Deđerler ve Ahmet Baytursynuli’nin mirasi [Values and the Heritage of Ahmet Baytursynuly]”, in *Ahmet Baitursynuly – ulttyq ustazy: halyqaralyq ǵylymi-tázhirbelik konferencija materialdary [Akhmet Baitursynuly – the National Teacher: International Scientific-Practical Conference Proceedings]*, Almaty, Kazakhstan, pp. 18–27 (in Turkish).
- 11 Baitursynuly, A. (2013), *Alty tomdyq shygarmalar jinaǵy. Vol. 1 [Six-Volume Collection of Works. Vol. 1]*, Almaty, Kazakhstan (in Kazakh).
- 12 Qunanbaev, A. (2021), *Tañdamaly shygarmalar: eki tomdyq. Vol. 1. Ólender [Selected Works: In Two Volumes. Vol. 1. Poems]*, Almaty, Kazakhstan (in Kazakh).
- 13 Vinogradov, V.V. (2011), *O teorii hudozhestvennoj rechi [On the Theory of Artistic Speech]*, Moscow, Russia (in Russian).
- 14 Myrzahmetuly, M. (2020), *Abaitanu. Tañdamaly eńbekter. Vol. 40. Abai: “Tolyq adam ılımi” [Abai Studies. Selected Works. Vol. 40. Abai: The Doctrine of the “Perfect Man”]*, Almaty, Kazakhstan (in Kazakh).
- 15 Şoiynbet, J., *Abaidyń “Tolyq adam” ılımi jáne qoǵamdyq sanany jańǵyrtu [Abai’s Doctrine of the “Perfect Man” and the Modernization of Public Consciousness]*, Astana, Kazakhstan (in Kazakh).

Received: 29.03.2026